



# СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН

Биобиблиографиялық  
көрсеткіш

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА**

**СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН**

**Әдебиеттердің библиографиялық көрсеткіші  
«Ұлы тұлғалар» сериясына қосымша**

**Алматы  
2009**

**ББК 91.9**

**C 28**

С 28 Сәкен Сейфуллин: Әдебиеттердің библиографиялық көрсеткіші 1913-1937 және 1956-2006 жж. / Құраст.: филология ғылымдарының кандидаты, доцент К.С. Ахметова, Д.Ж. Омарбекова, Н.Қ.Қосаева. Бас редактор филология ғылымдарының докторы, профессор Т. Кәкішев. Жауапты редактор Орталық ғылыми кітапхана директоры К.К. Әбуғалиева. Библиографиялық редакция Д.Ж. Омарбекова. - Алматы, 2009. - 220 б.

**ISBN 978-601-203-019-8**

**ББК 91.9**

© Орталық ғылыми  
кітапхана, 2009

**ISBN 978-601-203-019-8**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ЦЕНТРАЛЬНАЯ НАУЧНАЯ БИБЛИОТЕКА**

**САКЕН СЕЙФУЛЛИН**

**Библиографический указатель литературы**

**Приложение к серии «Ұлы тұлғалар»**

**Алматы**

**2009**

**ББК 91.9**

**С 28**

С 28 Сакен Сейфуллин: Библиографический указатель литературы 1913-1937 и 1956-2006 гг. / Сост.: кандидат филологических наук, доцент К.С. Ахметова, Д.Ж. Омарбекова, Н.К.Косаева. Главный редактор доктор филологических наук, профессор Т. Какишев. Ответственный редактор директор Центральной научной библиотеки К.К. Абугалиева. Библиографическая редакция Д.Ж. Омарбекова. - Алматы, 2009. - 220 с.

**ISBN 978-601-203-019-8**

**ББК 91.9**

© Центральная научная  
библиотека, 2009

**ISBN 978-601-203-019-8**

## ОҚЫРМАНДАРҒА

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне қарасты Орталық ғылыми кітапхана қазақ интеллигенциясы өкілдеріне арнал «Ұлы тұлғалар» сериясы бойынша ғылыми-ғұмырнамалық жинақтар шығарып келе жатқаны белгілі. Осы сериямен жарық көрген кітаптар республика мектеп оқушылары, студенттер, аспиранттар мен ізденушілер, әдебиетшілер, тарихшылар т.б. оқырмандар арасында жоғары сұранысқа ие болуда. Сонымен қатар «Ұлы тұлғалар» сериясымен шығарылған жинақтарға қосымша құрал ретінде қазақтың ұлы азаматтарына арналған библиографиялық көрсеткіштер құрастыру жұмысы да іске асрылуда.

Кітапхана баспаханасынан қазақ халқының дауылпаз ақыны, Қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы, мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллинге арналған шығарылған «Сахара сұңқары» (2004 ж.) атты ғылыми-ғұмырнамалық жинаққа қосымша ретінде әдебиеттердің библиографиялық көрсеткіші жарық көріп отыр.

Бұл көрсеткішті құрастыруда 1965 жылы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген С. Сейфуллин туралы әдебиеттердің көрсеткіші<sup>1</sup> мен 1958 жылы Мемлекеттік кітапханадан шықкан Қазақстанның көркем әдебиеті (1946-1957)<sup>2</sup> библиографиялық көрсеткішінің материалдары пайдаланылды.

Кеңес Одағында сталиншілдіктің, әкімшіл-әміршіл басқару жүйесінің нығайа түскен тұсында социализм идеяларын берік ұстанып, Қазақстанның билік жүйесінде жауапты қызмет атқарған С. Сейфуллин коммунистік партияның сара жолынан ауыткұшы, ұлтшыл ретінде құғын-сүргінге ұшырады.

1938 жылы С. Сейфуллин атылғаннан кейін жеке адамға табынушылықтың салдарынан оның жазған шығармалары, ол туралы зерттеулер мен мақалалар еш жерде басылмады. 20 жылға созылған тарихи үнсіздіктен, яғни актальянан кейінғана шығармалары жарық көре бастады. Сәкен шығармалары қазақ әдебиетіне соны серпін, жаңа үрдіс алып келді.

Фалымдар, зерттеушілер, жазушылар, журналистер сол жылдардағы құғын-сүргін құрбандары туралы, қазақ халқының

<sup>1</sup> Сәкен Сейфуллин. Туғанына 70 жыл толуына арналған әдебиеттердің көрсеткіші / Құраст.: Е. Байболов, Б. Қойышыбаева, Ә. Нарымбетов, Ф. Эльконина. Алматы: Қазақстан, 1965. 140 б.

<sup>2</sup> Сәкен (Садвакас) Сейфуллин // Художественная литература Казахстана (1946-1957): Библиогр. указ. / Гос. б-ка им. А.С. Пушкина. Алма-Ата, 1958. С. 542-545.

басына түскен ауыртпалықты жазып келеді. Әсіресе еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Сәкенді сағынған халық оған деген сүйіспеншілігін, өзінің ықыласын кең жариялай бастады. Оның айғағы осы көрсеткіштегі әдебиеттер саны болса керек.

Бұл көрсеткіште Сәкен Сейфуллин ұсталып, құғын-сүргін құрбаны болғанға дейінгі және ол ақталып, халқына қайта оралғаннан кейінгі кезеңдер бөліп көрсетіледі.

Библиографиялық көрсеткішке С. Сейфуллиннің жазған, жинап бастырған, аударма жасаған еңбектерінің және ол туралы заманымыздың көрнекті әрі белгілі әдебиетшілерінің, қоғам қайраткерлерінің зерттеу жұмыстары мен мерзімді баспасөз беттеріндегі мақалаларының, Сәкен Сейфуллиндің көрген замандастарының естеліктері, сондай-ақ жас ғалымдар мен зерттеушілердің ғылыми еңбектері әдебиеттер тізімі ретінде беріліп отыр.

Библиографиялық көрсеткіш материалы хронологиялық ретпен орналастырылды, әр жылдың көлемінде әліпби ретімен: алдымен қазақша, одан кейін орыс тілінде жарияланған еңбектер берілген.

Еңбектердің әліпбилік, бірлесіп жазған авторлар және авторлар көрсеткіштеріндегі сілтемелер хронологиялық көрсеткіштің, оның өмірі мен шығармашылық еңбегін сипаттайтын еңбектердің рет санында берілген.

## С.СЕЙФУЛЛИННИҢ ӨМІРІ МЕН ТВОРЧЕСТВОСЫ

Сәкен өзінің творчестволық қызметін Ұлы октябрь революциясынан бұрын, 1910 жылдардың шамасында бастаған. Алғашқы өлеңдерінің жинағы 1914 жылы “Откен күндер” деген атпен Қазандада басылған. Ақынның кейбір өлеңдері мен бір сын мақаласы, шағын хат-хабарлары “Айқап” журналының бетінде жарияланған. Сәкеннің ол кездегі шығармалары, негізінен революция алдындағы демократтық әдебиетпен сарындас келеді. Ақын өз дәуіріндегі әдебиет көтерген мәселелерге үн қоса отырып, оның демократтық ой-пікірлерін, халықтық сипатын байыта түсуге қызмет етті. Алайда, Сәкен творчествосы жайлы сын еңбектер ол кезде жазылған жоқты. Өйткені ол қазақ әдебиетінде сыншылдық ой-пікірдің әлі де тақтамаған дәуірі болатын. Эдеби қызметін жаңа бастаған Сәкен тутғол революция алдындағы әдебиеттің қалыптасқан өкілдері әдебиет дамуына қатысты айтылған сын пікірлері ол дәуірде аз кездесетін, “Айқап” журналы жаңа кітаптар жайында шағын хабарлар, дәйектемелер берумен ғана шектелді.

Сәкен творчествосының жаңа кезеңі 1917 жылдан басталады. Қазақстандағы революциялық қурес үақығаларына құлақ түріп, онымен аралас өскен ақын ең алдымен, патшаның тақтан құлауын қуанышпен қарсы алды. Және сонымен бірге, өзінің кейбір замандастары бостандық осымен келді деп ұққан кезде, Сәкен үлтшылдар мен үақытша өкіметтің үгітіне қарсы, социалистік революция үшін күресті. Өзінің революциялық жырларын соған арнады.

Осыдан бастап Сәкен творчествосы революцияшыл ой-пікірге, қуреске негізделген жаңа қазақ әдебиетінің өзекті тамыры болып қалыптасты, жас күштерге өнеге үлгі таратты. Ақын революция ісіне қаламымен ғана емес, қолына қару алып, солдат болып қатысты.

Сәкеннің алғашқы революцияшыл шығармалары 1922 жылы Орынборда басылды. Жаңа ашылған қазақ баспасы оның “Асай тұлпар” атты өлеңдерінің жинағы мен “Бақыт жолына”, “Қызыл сұнқарлар” атты пьесаларын жеке-жеке кітап етіп шығарды. Бұл кітаптар – революцияшыл жаңа қазақ әдебиетінің тұңғыш кірпіш сияқты еді. 1917 жылы жазылып, 1918 жылдың май айында Ақмола жастарының күшімен сахнаға шыққан “Бақыт жолында” және одан сәл кейінірек туған “Қызыл сұнқарлар” да халықты сахна арқылы қуреске үгіттеп, совет идеясын кен таратуға көмектесті.

Сәкеннің социалистік революциямен бірге жарқырап шыққан өр тұлғасы да, еткір даусы да революция дүшпандарына ұнаган жоқ. Оның үстінен Сәкен өзінің қорамдық-әлеуметтік өмірімен де, творчествосымен де Қазақстандағы буржуазиялық – үлтшылдық ағыммен бітіспес қурес жүргізді. Олардың революция ісіне жасаған опасыздығын, екі жүзділігін әрқашан батыл әшкерелеп отырды. Сондықтан қазақ үлтшылдары Сәкенді бірінші нәмірлі дүшипшан санады.

Сәкенге деген ұнамсыз көзқарас Ташкент (сол кездегі Түркістан Республикасының астанасы) жағында күшті болды. Ол кезде Ташкентте республика басшылығындағы кейбір оңшыл “коммунистерді” паналап, ұлтшыл оқығандар көбірек жинальып бас қосқан еді. 1922 жылы Ташкентке барған Сәкенді олар “Ақжол” газетінің бетінде сорақы мақалалар жазып, қарсы алды. “Бояма қамқоршы” деп айыптады. Сәкен есімі маңындағы есектерді шын болғандай етіп, дабырлатып, газетке жазды.

Қазақ республикасында қызмет істеп жүрген ұлтшылдар да Сәкенді аяқтан шалуға тырысты. Олар Сәкеннің басшы қызметтерге ұсынылуына қарсылық жасады. 1922 жылы Сәкен Қазақ АССР Оку Комиссарының орынбасарлығына бекітілген кездің өзінде де Қазақстан Оку комиссариатының аппаратына еніп, кеткен алашордашылар С.Сейфуллин-нің тағайындалуына әр түрлі кедергілер жасап бақты. С.Сейфуллиннің халық ағату саласында жұмыс істеу үшін Қазақ АССР Орталық Атқару Комитеті арнаулы қаулы шығаруға тиісті болды.

Кейін Сәкен “Еңбекшіл Қазактың” редакторы, Қазақ АССР Халық Комиссарлары Советінің Председателі болған кезде де Сәкенге жасалған бұл шабуыл өршімесе, бәсендеген жок.

1922 жылы Ташкентте шығатын “Шолпан” журналының 2-3 нөмірінде “Қызыл сұнқарлар” пьесасы іске алғысыз етіп сыналды. Мақала авторы Қоңыр қазақтың алғашқы революциялық драмасынан қазақ өміріне қатысты ештеме таппады. Бұл пьесаны қазақтікі деп адасудың орны жок. Қазақ өмірін көрсетпек болған ақырғы бөлім қазақ өмірі жөніндегі Сейфуллиннің қиялы болмаса, оның өмірі емес, – деп жазды. Бұл пікірдің төркіні “Қазақтар революцияға қатысқан жок. Революция оларға сырттан таңылды. Сондықтан қазақтар ішінен революционерлер шығуы мүмкін емес, – деген ұлтшылдық ұғымдармен байланысты еді. Сол себептен де олар Сейфуллиннің қызыл сұнқарларын “Шала көрінген геройлардың сұнқарлығы түсініксіз” деп кекетті. Осыған жалғас “Асая тұлпар” жинағына арналған мақала жарық көрді. Ол Моквада СССР халықтарының орталық баспасы жанынан қазақ тілінде шығатын “Темір қазық” журналында басылды.

“Еңбекші қазақ” газетінің 1923 жылғы 2 февральдағы саны мен “Қызыл Қазақстан” журналының сол жылғы 14 нөмірінде жарияланған Сака деген автордың “Жыл құдыс” деген мақаласы осындай жаңа улгідегі алғашқы сындардың қатарына жатады.

“Қызыл Қазақстан” журналының сол жылғы 16-нөмірінде жарияланған Сәбит Мұқановтың “Сынға сын” атты мақаласы Нәзір Төреқұловтың “Асая тұлпар” туралы “сынына” қарсы жазылды.

Осы текстес бір мақаланы “Бостандық туы” газетінде (29 июнь, 20 июль, 1923) “Ж.С.” (Жақан Сыздықов болуы керек) деген автор жазды.

20-жылдар ішінде Сәкенге жасалған шабуыл бұл айтылғандармен

тоқтаган жоқ. Бұл Қазақстандағы әр түрлі таптың қатар өмір сүруі мен тартысы жағдайында әбден мүмкін нарсе еді. Осындай жағдайда олар Сәкенді нысанага алып, оған деген шабуылын жалғастыра берді.

Және бір атап айтарлық нәрсе – Сәкен творчествосына ғана қатысты ғана емес, оның есіміне байланысты нәрселердің бәрін де жоққа шығаруға тырысты.

1924 жылдың бас кезінде Орынбор қаласында жастар клубы ашылып, ондағы әдебиет үйірмесінде Сәкен Сейфуллин қазақ әдебиетінің тарихы туралы лекция оқыды. Лекцияның мазмұнын “Еңбекші қазақта” (19 февраль, 1924) Төңкерісұлы Сәбит жариялады. “Еңбекші қазақ” бетінде Фабит Мүсірепов Теміrbайға қарсы “Кисық сынға әділ төре” деген мақала жарияласа, Сәкенді жалақор сыннынан қорғады.

1927 жылдың “Тар жол, тайғақ кешу” атты тарихи-мемуарлық романы жарияланды. Қазақ даласында революциялық күресің ерістегі тарихына арналған шығарма сол бір ұлы өзгеріс кезеңінде еңбекші халыққа кімнің дос, кімнің қас болғанын нақты фактілер негізінде әйгілел берген еді.

1933 жылдың әлкелік партия комитетінің басшылығы жаңарады. Өлкө шаруашылығын басқаруда жіберген қателіктері үшін Ф.И.Голошекин орнынан алынып ВКП(б) Қазақстан әлкелік партия комитетінің басшылығы партияның тәжірибелі қызметкерлерімен нығайтылды.

1933 жылдың Сәкен Сейфуллиннің “Қызыл ат” атты поэмасы жарияланды. Бұл шығарма да тақырыбының актуальдығымен, онда суреттелеғін өмір шындығының күрделілігімен және жазушы позициясының еткірлігімен үлкен айтыс тудырды.

Ақынның Голошекин тұсында партия саясатының бұрмалануы, соның нәтижесінде қазақ ауылшының тұрмыс-күйінің төмөндең кеткенін, мал шаруашылығын өркендейту жөніндегі қателіктерді еткір сыннауы үйреншікті әдебиет тіршілігіне жат, ерекшел дүниелер сияқты көрінді. Осы бір күдіктерді сейілтуде және “Қызыл аттың” қазақ әдебиетіндегі маңызды орнын белгілеуде Мұхамеджан Қаратасевтың “Қызыл ат” және социалистік реализм” (1933) атты мақаласы ерекше орын алады.

Бұл мақала Мұхамеджанның “Тағы да “Қызыл сұнқарлар” туралы” (1936) деген мақаласына қосылып, Сәкен творчествосы туралы туралы айтылар болашақ әділ сынның бастамасы болды.

1936 жылдың Қазақстан әлкелік партия комитетінің бірінші секретары Л.И.Мирзоянның өз қатысуымен С.Сейфуллиннің творчествосылық қызметінің 20 жылдық юбилейі болып өтті. Сәкен шығармалары туралы бұрынғы көзқарас қайта қарала бастады. Ертеректе ақынды бірыңғай жамандаудан басқаны білмеген Ф.Тогжанов, Р.Жаманқұлов тәрізді “сыншылар” өз қателіктерін мойындал, жаңа мақаларында Сәкеннің әдеби-қоғамдық, революцияшыл қызметі жайлы басқаша пікірлер айтты. Осы кезде

жазылған еңбектердің ішінен Мұқановтың Сәкен юбилейінде жасаған баяндамасын, Б.Майлиннің “Сәкен”, М.Әуезовтің “Шыныш”, тәкаппар ақын”, Ф.Мұсіреповтің “Казактың революциялық поэзиясының ветераны” атты мақалалары қызықты ойларға толы. Сырт көзге естелік сияқты көрінгенмен, бұл еңбектерде қазақ совет әдебиетінің қарт гвардиясының өкілдері өздерінің қаламdas жолдасына, досына деген шын сезімдерін білдіруге тырыскан.

Бейімбет: “Сенің еңбегіңмен жақын танысқаным 17-жылдың басы еді,— деп жазады.— Қазақ ақындарының жас-көрісі бол “ұлттым”, “қазағым” деп қақсай аттанғанда, сенің шығарманда бір өзгешелік болып еді. Ол — “кедей” деген сөзге бөленигендік. Әлі есімде: тұнгі ауылдың тұншыққан сарының суреттеген бір шығарман сол жылы “Абай” журналының ең актық бетіне басылып еді. “Абай” журналының сол санында басқа қандай шығармалардың басылғаны ешкімнің есінде жоқ шығар, бірақ сенік үмытылмастық.

Сәкен творчествосын максистік-лениндік сын тұрғысынан бағалауда бұдан кейінгі дәуірде бірталай еңбектер жазылды. Олардың ішінен С.Мұқановтың, Е.Ысмайлотовтың, Қ.Жұмагалиевтің мақалаларын атап айтуда болады.

С.Мұқанов 1936 жылы “Қазақ совет әдебиетінің тұнғышы” атты Сәкеннің юбилейінде жасаған баяндамасында ақынның творчестволық, қоғамдық қызметінек жан-жақты талдау жасады.

“Сәкен тазағана әдебиетші емес,— деді Сәбит— Ол әлеуметшіл, саясатшыл адам. Октябрь революциясын ол жаудан қаламмен ғана қорғаған жоқ, найзамен де қорғады. Ол қазақ ауылъында бірінші советті құрды, бірінші партия ұсыны ашты, бірінші партизан бол жазылды, Совет өкіметін қорғау жолында бірінші болып жаумен майдандасты, бірінші рет алашорда мен Колчак бандыларының айуандық азабын тартты, қалам мен найзаны жауга бірдей сілтеп, қан майданда жауды женісіп, еңбекші бұқарага мәңгілік бостандық әперушінің біреуі болды. Сәкенді бүгінгі күні еңбекші елдің ардақтайтын, сыйлайтын, әдебиетке істеген 20 жылдық еңбегін тойлайтын себебі сол. Ол — аты ғана ақын емес, революционер, большевик ақын. Ол еңбекші бұқараның ақыны ғана емес, Октябрь майданында жауын женіскең батыры”.

Е.Ысмайлотовтың “Сәкеннің поэзиясы” атты көлемді еңбегі енбегі тұнғыш рет “Әдебиет майданы” журналында 1936 жылы жарияланды. Бұл мақаланың маңызы Қаз АПП сыншыларының талқысынан кейін бірінші рет Сәкен поэзиясы жөнінде шын объективті сын пікір айта білүмен бағаланады. Сыншы мұнда Сәкен еңбектерінің ұлтшылдық, одан кейін КазАПП сыншыларының тарапынан жазықсыз соққы көру себептермен талдай келіп, “Сәкен — кеңес поэзиясын жасаушылардың бірі болған ақын. Ол алдыңғы

қатарлы жасаушы, үйымдастырушылардың, бастаушылардың бірі болған ақын. Ол алдыңғы қатарлы жасаушы, үйымдастыруши болып қана қоймай, тамаша дәуірдегі тамаша жаңалыктармен бірге қазақ поэзиясына үлкен жаңалық, жаңа еріс тудыруши новатор ақын деген баға берді. Есмағамбет “Кекшетау поэмасы туралы да (1936) мақала жазды.

Қ.Жұмалиев “Екпінді құрылыш” газетінің 1936 жылғы 20-30 июнь күнгі нөмірлерінде басылған “Сәкен және оның творчествосы” атты көлемді мақаласында Сейфуллиннің ақындық жолына кең шолу жасады.

Сәкен творчествосын зерттеудің жаңа кезеңі 1950 жылдардың екінші жартысынан басталады. Егер Сәкентанудың алғашқы дәуірінде тұған жогарыда аталған мақалалардың сыншылдық сипаты басым болса, ендігі кезеңде тұған енбектерде 20-30 жылдардағы әдеби процесс пен ондағы Сәкен шығармаларының алатын орнын, ақынның ез басының ерекше қасиеттерін нақты деректерге сүйене отырып зерттеуге ұмтылуышылық молырақ байқалады. Мұндай енбектердің бірқатары Сәкен шығармаларын жинап бастыру ісімен байланысты басталды. 1957 жылы Казақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы ұзақ үзілістен кейін Сәкен Сейфуллин өлеңдері мен поэмаларының бір томдығын басып шығарды. Жинақты құрастырып, оның алғы сезін жазған – проф. Е.Ысмайлұ.

1958 жылы Сәкеннің әңгімелері мен повестерінің бір томдық жинағы жарық көрді. Оны М.Базарбаев құрастырып, шағын алғы сез жазды.

Сол жылы Москвада еткен қазақ әдебиеті мен енергінің онкүндігіне байланысты Алматыда Сәкен шығармалары екі кітап болып (Стихи и поэмы, “Рассказы и повести”) орыс тілінде басылды. Өлеңдері мен поэмалары Москвада жеке кітап болып жарияланды. 1960 жылы “Тар жол тайғақ кешу” қайта басылды.

1960-1964 жылдары Сәкеннің алты томдық шығармалар жинағы жарық көрді.

Сәкен кітаптарының жаңа басылуы ақын шығармаларының халық арасына қайта тарап, оқырман қауымның оның творчествосымен кең танысуына жол ашты. Сәкенмен байланысты тұған осы кездегі енбектердің бірқатары негізінен, ақын творчествосын насиҳаттауда маңызды қызмет атқарды. Олар көзі тірісінде толық бағаланып, үлгермей кеткен революционер ақынның казақтың советтік дәуірдегі жаңа әдебиетін бастаушылық қызметін ашып көрсетуге арналды.

Есмағамбет Ысмайлұв бұл жылдары Сәкен мұрасын жинап жариялауда, насиҳаттауда, оны ғылыми жолмен зерттеуде аса зор еңбек сінірді. Ол 1957 жылы басылған ақынның бір томдық тандамалы өлең-поэмаларын, алты томдық (1960-1964) шығармалар жинағын баспаға дайындауға қатысты. Оларға алғы сез, түсініктер жазды. Бұлардан басқа Есмағанбеттің “Қазақ совет әдебиетінің очерктеріне” (1958), “Қазақ әдебиеті тарихына”, (ушінші

том, бірінші кітап, 1967) жазған Сәкен туралы бөлімдерін, Қазақ ССР “Білім” қоғамында басылған “Революционер ақын” (1958), “Мектеп” баспасынан шыққан “Сәкен Сейфуллин” (1959) атты кітапшаларын, мерзімді баспасөзінде жарияланған көптеген мақалаларын атаяу орынды.

1970 жылы шыққан “Әдебиет және эстетика” кітабында жарияланған “Ардагерлер аясында” атты естеліктің “Асқақ аға” атты бөлімін Мұхамеджан Сәкен жайлы есіндегі қалғандарын әңгімелеге арнайды. Абай атындағы Қазақ педагогика институтында Сәкен алдынан сабак алған, оның тәлім-тәрбиесін көрген, әдебиет салыны саласындағы алғашқы ізденістерін оның шығармаларын бағалауға арнаған салышы-ғалым бүл естелігінде Сәкеннің үстаздық үлгісіне айрықша көңіл беледі.

Сәкен шығармаларының қайта жиналып басылуы, халық ішінде кең тарауы, Сәкентандың қазақ әдебиеттану ғылыминың бір саласы есебінде туып қалыптаса бастауы кезінде осы еңбектің авторы да бірқатар мақалалар мен зерттеулер жариялады. Ең алғаш “Сәкен Сейфуллиннің поэзиясы туралы” (“Ленишіл жас”, 1958, 15-17 июль) көлемді мақаладан басталған бүл ізденіс жолында “Айша ”повесінің идеялық – көркемдік ерекшеліктері” (“Жұлдыз”, №11, 1959), “Сәкен Сейфуллиннің революциялық өлеңдері” (“Қазақстан коммунисті”, №12, 1959), “Революционерлер бейнесі” (“Жұлдыз”, №11, 1960), “Көкшетау” поэмасы (Қазақстан мектебі” №1, 1962) сияқты зерттеулер, көптеген газет мақалалары жазылды. Кейін мұның бәрі жиналып келіп “Сәкен Сейфуллин. Творчестволық жолы” (1962) атты көлемді монографияға ұласты. Бұл қазақ әдебиеттану ғылыминың Сәкеннің өмірі мен творчестволық жолын толық қарастырган тұнғыш еңбек болды. Онда Сәкен шығармалары Ұлы Октябрьден кейін туған советтік қазақ әдебиеті есү жолымен тығыз байланыста қаралады, ақын кітаптарынды жазылуы мен жаңашылдығы жайлы мол мәліметтер беріледі. Кітап кейін қазақ, орыс тілдерінде Алматыда, Москвада бірнеше рет басылды.

Сәкен творчествосын зерттеуге осы кезден бастап кірісіп, содан бергі дәүірде үздіксіз, тыныссыз еңбек етіпкеле жаткан ғалымның бірі – Тұрсынбек Кәкішев. Тұрсынбектің қазақ совет әдебиеттің идеялық-творчестволық қалыптасу дәүірін қарастыратын зерттеулерінде Сәкен шығармалары мен ақынның осы кездегі әдеби-қоғамдық, салышылдық қызметіне мол орын беріледі. Олардың ішінде “Жаңа әдебиеттің жаршысы” (“Жұлдыз”, №2, 1958), “Сәкеннің замана бейнесін жырлаудағы жаңалығы” (“Қазақ тілі мен әдебиеті”, №7, 1959), “Қазақ совет поэзиясының қалыптасу жолдары” атты мақалалары мен “Октябрь өркені” (1962) монографиясы елеулі орын алады.

Алпысыншы жылдардың бас кезінен бастап Тұрсынбек Сәкен мұрасын жинастырып, ол туралы жаңа деректер іздестіруге көп күш жұмсады. Ол Омбы, Қазан, Уфа, Ақмола архивтерін ақтardы. Сәкен болған қалаларды, елінін аралап, ақын жайлы естеліктерді, шығармаларды, документтерді

жинастырыды. Осындай іздениң үстінде тапқан тың деректер жайлыш көптеген мақалалар жариялады. Галымның әуелде “Қызыл сұнқарлар” (1968) деген атпен қазақша басылып, кейін Москвада “тамаша адамдардың өмірі” сериясында орысша шыққан “Сәкен Сейфуллин” (1972) атты кітабы осындай деректі материалдар негізінде жазылған творчестволық-өмірбаяндық зерттеу болып табылады.

Бұлардан басқа Тұрсынбектің “Дәуір дауылпазы” (Дәуір суреттері” кітабында-1967), “Халық қазынасы”(Сейфуллин шығармаларының 6 томына соңғы сөз орнына – 1964) сияқты бағалы зерттеулері бар.Ол ақын творчествосына арналған библиографиялық көрсеткіштің (1965) редакциясын қарады.

Бұл еңбектер елеуінші жылдардың бер жағында Сәкентандудың өз алдына дербес ғылым саласы ретінде дами бастағанын, бұл салада бірнеше әдебиет зерттеушілердің арнайы қызмет істегенін көрсетеді.

Әрине, Сәкентану ісіне елеулі үлес қосқан ғалымдар саны бұл айтылғандармен шектелмейді. Аталған дәуір ішінде Қ.Жұмағалиев, Ә.Тәжібаев, З.Ахметов, З.С.Кедрина, Б.Шалабаев, Т.Нұртазин, М.Базарбаев, С.Ордалиев, Е.Габдиров, С.Сейітов тағы басқа көптеген әдебиетші ғалымдар да өздерінің әдеби зерттеулерінде Сәкен шығармаларын әр жағынан талдауга елеулі орын берді. Сол арқылы біздің әдебиетіміздің дамуы жолындағы ақын еңбектерінің үлгілі сипаттын, жаңашылдығын тағы басқа проблемалық мәселелерді кең қарастыруға жол тапты «Правда» газетінде (24 май, 1964) жарияланған. Ф.Мұсіреповтың “Құрес пен творчество қуаттандырған” атты мақаласы көрнекті орын алады.

“25-ке толмай тұрып-ақ оның есімі халыққа мәлім болды, – деп жазды Ғабит онда.– Әзінің жан сұлулығымен, мөлдір тазалығымен ақындық және публицистік шексіз дарыннымен ол революциялық дәуірдің шын мәнісіндегі қаңарман ері болды. Қазақ халықның жаңа өмірі үшін құрес тарихында әзінің өмірін езілгендердің мұддесіне арнағандардың, патша үкіметінің қара тунек күндерінде колына қару алып, халықты қуреске бастағандардың ішінде ақынның есімі бірінші орын алады.” “Ол –халықтың сауыт киген ұлы, – деп жазды Хамза Есенжанов сол күндерде. – Найзасы мен қаламын халықтың бақыты үшін ғана жұмсаған ер ұл. Оның сауыты – халық маҳаббаты. Халық маҳабатына оранған ұлға өлім жок”.

*Орталық ғылыми кітапхананың  
бас библиографы Н.Қ.Қосаева*

## СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННИҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫң БЕЛЕҢДІ КЕЗЕҢДЕРІ

**1894 ж., 15 октябрь** - Жамал мен Сейфолланың тұнғышы - Сәкен дүниеге келді.

**1905 ж.** - Сәкен Нілдідең орыс-қазақ мектебіне туследі.

**1908-1913 жж.** - Өуелі Ақмоланың бастауыш приход мектебінде оқып, соңынан Ақмоланың үш класты қалалық училищесінің бірінші бөлімін тәмәмдайды.

**1912 ж., қыс-көктем** - Сәкен мұсылман медресесінде оқып жүрген шәкірттерге орыс тілінен сабак береді.

**1913 ж.**

- "Айқап" журналының ноябрь айында шыққан 21 санында Сәкеннің тұнғыш рет мақаласы жарияланады.

- **21 август** - Омбының оқытушылар семинариясының бірінші класына қабылданады.

- **25 ноябрь** - С. Сейфуллин Омбының жандарм басқармасына белгілі болады.

**1914 ж.**

- **март** - Омбыда қазақ жастарының мәдениет-ағарту бағытындағы "Бірлік" қоғамы құрылды, Сәкен оның жетекшілерінің бірі болды.

- **декабрь** - С. Сейфуллиннің "Өткен күндер" атты тұнғыш өлеңдер жинағы басылып шықты.

**1915 ж., апрель** - "Сибирь кешінде" қазақ жастарының алғашқы көркемөнері көрсетілді.

**1916 ж.**

- **10 май** - Сәкен семинарияны тәмәмдап, бастауыш училище мұғалімі деген атаққа ие болды.

- **июнь айының бас кезі** - Ақмола уезінің 12 болысына шыққан мал санагы комиссиясының мүшесі.

- **июль** - Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне арналған "Толқын" атты өлеңін жазды.

- **1 сентябрь** - Сәкен Бұғылы мектебін үйымдастырып, сабак берे бастады.

**1917 ж.**

- **9 март** - Ақмола қаласына қоныс аударды. Февраль революциясына арнап "Асығып тез аттандық" өлеңін жазды.

- **апрельдің бас кезі** - Сәкен қоғамдық-саяси және мәдени мақсатты көзделген "Жас қазақ" қауымын үйымдастырып, басшылық етті.

- **июль** - “Тіршілік” газеті шыға бастады, оның ресми редакторы Рахымжан Дүйсенбаев болғанымен, барлық творчестволық қызметтің Сәкен атқарды.

- **сентябрь** - Ақмолада жаңадан орыс-қазақ мектебі мен үш айлық педагогикалық курс ұйымдастырылып, Сәкен сабак берді.

- **ноябрь** - С. Сейфуллин Ұлы Октябрь Социалистік революциясын зор куанышпен қарсы алып, “Кел, жігіттер” деген өлеңін жазды. Қазақ совет әдебиетінің тұңғышы осы өлең.

- **27 декабрь** - Ақмола уезінде Совет өкіметі орнайды. Сәкен Совдеп президиумының мүшесі болып сайланды және оқу-ағарту Халық комиссары болып тағайындалды.

### **1918 ж.**

- **февраль** - Сәкен Сейфуллин большевик партиясының мүшелігіне қабылданды.

- **апрель** - Сакен “Жас қазақ марсельезасын” шығарды.

- **1 май** - С. Сейфуллиннің “Бақыт жолына” пьесасы қойылды.

- **4 июнь** - Ақмолада ақ гвардеецтердің төңкерісі болып, С. Сейфуллин тұтқындалды.

### **1919 ж.**

- **5 январь** - Ақмола түрмесінен Петропавлға жаяу жөнелтіледі.

- **24 январь - 12 март** - Атаман Анненковтың “ажал вагонында” 47 тәулік болады.

- **3 апрель** - Колчактың Омбыдағы түрмесінен қашып шығады.

- **апрель-июльдің аяғы** - Омбы-Татарка-Славгород-Павлодар-Баянуыл-Сарыадыр арқылы жаяулатып еліне жетеді.

- **сентябрь-декабрьдің аяғы** - Бетпақдала арқылы Әулиеата (Жамбыл) қаласына келеді.

### **1920 ж.**

- **7 май** - Ақмолаға қайтып оралады, ревкомның басқару белімі менгерушісінің көмекшісі болып тағайындалды.

- **26 июль** - Советтер съезінде С. Сейфуллин Ақмола Атқару Комитеттің мүшелігіне сайланып, Атқару Комитеті председателінің орынбасары, әкімшілік белімінің менгерушісі болып тағайындалды.

- **4 октябрь** - Қазақтың Советтік Социалистік Автономиялық Республикасын жариялаған Құрылтай съезінің делегаты.

- **12 октябрь** - С. Сейфуллин ҚазССР Орталық Атқару Комитеті президиумының мүшесі болып сайланды.

- **ноябрь** - Мәскеуге барған сапарында Советтердің VIII съезіне қатысып, В.И. Лениннің ГОЭЛРО жоспары туралы баяндамасын тыңдады.

**1921 ж., февраль-май** - Ақмола мен Семей облыстарын Қазақ

республикасына қосу жөніндегі Төтенше комиссиясының мүшесі.

### 1922 ж.

- С. Сейфуллиннің “Асау тұлпар” атты өлеңдер жинағы мен революцияшыл драма - “Қызыл сұнқарлар”, “Бақыт жолына” жеке-жеке кітап болып шықты. Олар қазақ совет әдебиетінің тұңғыш шығармалары.

- 13 июнь - Сәкен “Еңбекші қазақ” (“Социалистік Қазақстан”, кейіннен “Егемен Қазақстан”) газетінің жауапты редакторы және Оқу-ағарту халық комиссарының орынбасары болып тағайындалды.

- декабрь - Советтердің III съезінде ҚазССР Халық Комиссарлары Советінің председателі болып сайланды.

- 23-30 декабрь - РСФСР Советтерінің X съезінің делегаты ретінде Советтік Социалистік Республикалар Одағын құрған Бүкілодақтық Құрылтай съезіне қатысып, Орталық Атқару Комитетінің мүшелігіне сайланды.

### 1923 ж.

- “Қызыл Қазақстан” журналының бетінде “Тар жол, тайғақ кешудің” тараулары жариялана бастады.

- апрель - С. Сейфуллин РКП (б) XII съезінің делегаты.

- 22 ноябрь - РКП(б) XII съезінің шешімі негізінде ҚазАССР Орталық Атқару Комитеті қазақ тілінде кеңсе істерін жүргізу туралы декрет шығарды.

- 30 ноябрь - Сәкен қазақ совет әдебиетінің тарихында В.И. Ленинге арнап “Ленин” есімді тұңғыш өлеңін жазды.

1924 ж., январь - С. Сейфуллин В.И. Ленин жаназасына барған Қазақстан делегациясына басшылық етті. “Известия” газетінде оның “В.И. Ленин және оянып келе жатқан Шығыс” атты мақаласы жарияланды.

### 1925 ж.

- 7 апрель - Оқу-ағарту комиссариаты жаңындағы Ғылым комиссиясының председателі болып тағайындалды.

- 12 июнь - Қазақтың пролетариат жазушыларының ассоциациясын (ҚазАПП) құру жөніндегі үйімдастыру бюросының председателі болып белгіленді.

- ноябрь - Атақты “Советстан” поэмасы жазылды.

### 1926 ж.

- май - ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің Испарт бөлімінің мәңгерушісі болып тағайындалды.

- декабрь - Гүлбағрам Батыrbек қызына үйленді.

**1927 ж.**

- февраль - Сәкен Қызылордадағы халық ағарту институтының ректоры болып тағайындалды.

- октябрь-ноябрь - Қазақтың пролетар жазушыларының шығармаларынан құрастырылған “Жыл құсы” альманағы С. Сейфуллиннің редакциялығымен шықты.

- декабрь - Тарихи-мемуарлық роман - “Тар жол, тайғақ кешү” жеке кітап болып басылып шықты.

**1928 ж., май** - Ташкенттегі Қазақ педагогика институтының ректоры және Ташкентте оқып жатқан қазақ жастарының әдеби бірлестігінің жетекшісі.

**1929 ж.**

- август - Қазақтың Абай атындағы педагогика институтының (ҚазПИ) әдебиет кафедрасының менгерушісі.

- 26 декабрь - Қазақ халқының ауыз және жазба әдебиетінің озық та өнегелі үлгілерін жинау туралы ашық хат жазды.

**1931 ж.**

- “Біздін тұрмыс” атты сатирик романы жариялана бастады.

- 16 март - Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған “Қазақ әдебиеті” оқулығын жазуды аяқтап, 1932 жылы жариялады.

**1932 ж., февраль** - “Әдебиет майданы” журналының бас редакторы болып белгіленді. “Қызыл ат” поэмасының үзінділері осы журнал мен “Лениншіл жас” газетінде жариялана бастады.

**1934 ж.**

- 12 июнь - Қазақстан жазушыларының тұнғыш съезін Сәкен Сейфуллин ашып, ұзақ сез сейледі.

- 17 август-1 сентябрь - Совет жазушыларының I съезіне қатысып, сез сейледі.

- сентябрь - Қазақтың Коммунистік журналистика институтының профессоры.

**1935 ж.** - “Социалистан” поэмасы мен “Айша” повесі жарияланды.

**1936 ж.**

- май - Қазақтың көркеменері мен әдебиетінің Мәскеу қаласында үлкен табыспен өткен онқұндығіне қатысты.

- 26 май - Қазақ жазушыларының ішінен ең алғаш рет Еңбек Қызыл Ту орденімен С. Сейфуллин марапатталды.

- 12 июль - С. Сейфуллиннің творчестволық еңбегіне 20 жыл толуы мерекеленді.

**1938 ж., 25 февраль** - Сәкен Сейфуллин қаза болды.

## ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И ТВОРЧЕСТВА САКЕНА СЕЙФУЛЛИНА

**1894 г., 15 октября** - У Жамал и Сейфуллы родился первенец - Садуакас-Сакен.

**1905 г.** - Сакен поступает учиться в русско-казахскую школу при Спасском медеплавильном заводе.

**1908-1913 гг.** - Учиться в Акмолинской начальной приходской школе и заканчивает первое отделение третьего класса Акмолинского трехклассного городского училища.

**1912 г., зима-весна** - С. Сейфуллин обучает русскому языку шакиরтов мусульманского медресе.

**1913 г.**

- В ноябрьском номере (№ 21) журнала "Айкап" была опубликована первая печатная статья С. Сейфуллина.

- **21 августа** - Принят в первый класс Омской учительской семинарии.

- **25 ноября** - С. Сейфуллин стал известен омской охранке.

**1914 г.**

- **март** - Организация первого культурно-просветительского общества казахской молодежи "Бирлик" ("Единство") в Омске, С. Сейфуллин избран в руководящий центр общества.

- **декабрь** - Вышел сборник стихов "Откен кундер" (Минувшие дни) С. Сейфуллина.

**1915 г., апрель** - Первое выступление художественной самодеятельности казахской молодежи на "Сибирском вечере".

**1916 г.**

- **10 мая** - С. Сейфуллин окончил Омскую учительскую семинарию, ему присвоено звание учителя начального училища.

- **начало июня** - Член комиссии по переписке имущества 12 волостей Акмолинского уезда.

- **июль** - С. Сейфуллин пишет стихотворение "Волнение", посвященное национально-освободительному движению казахского народа в 1916 году.

- **1 сентября** - С. Сейфуллин - организатор и преподаватель Бугулинской школы.

**1917 г.**

- **9 марта** - Переехал в город Акмолинск. Написал стихотворное приветствие Февральской революции "Спешно собрались мы в поход".

- **начало апреля** - Организатор и руководитель общественно-

политического и культурного общества “Жас казах” (“Молодой казах”).

- **июль** - Издание газеты “Тиршилик” (“Жизнь”), неофициальным редактором которой был С. Сейфуллин.

- **сентябрь** - Открытие в Акмолинске новой русско-казахской школы и организация трехмесячных педагогических курсов, где преподавал С. Сейфуллин.

- **ноябрь** - С. Сейфуллин приветствовал Великую Октябрьскую социалистическую революцию стихотворением “А ну-ка, джигиты!”. Это первое произведение казахской советской литературы.

- **27 декабря** - Установление Советской власти в Акмолинском уезде, С. Сейфуллин избран членом президиума Акмолинского Совдепа и назначен Народным комиссаром просвещения.

### **1918 г.**

- **февраль** - С. Сейфуллин принят в члены Российской Коммунистической партии большевиков.

- **апрель** - Создание “Марсельезы казахской молодежи”.

- **1 мая** - Премьера спектакля по пьесе С. Сейфуллина “Бакыт жолына” (“На пути к счастью”).

- **4 июня** - Белогвардейский переворот в Акмолинске, арест С. Сейфуллина.

### **1919 г.**

- **5 января** - С. Сейфуллин отправлен этапом из акмолинской тюрьмы в Петропавловск.

- **24 января - 12 марта** - 47 суток в “вагоне смерти”.

- **3 апреля** - С. Сейфуллин бежит из колчаковской тюрьмы города Омска.

- **конец июля** - Возвращение в родной аул.

- **сентябрь-декабрь** - С. Сейфуллин через Бетпак-Далы (Голодная степь) уходит в Аулие -Ата (г. Джамбул).

### **1920 г.**

- **7 мая** - Возвращение в Акмолинск, С. Сейфуллин назначен помощником заведующего административным отделом ревкома.

- **26 июля** - На съезде Советов С. Сейфуллин избран членом исполнительного комитета и назначен заместителем председателя Акмолинского исполнительного комитета, заведует административным отделом.

- **4 октября** - Делегат Учредительного съезда Советов, провозгласившего Казахскую Автономную Советскую Социалистическую Республику.

- 12 октября - С. Сейфуллин избран членом президиума Центрального Исполнительного Комитета КазАССР.

- ноябрь - Поездка в Москву, присутствовал на VIII съезде Советов и слушал доклад В.И. Ленина о плане ГОЭЛРО.

**1921 г., февраль-май** - Член Чрезвычайной комиссии по присоединению Акмолинской и Семипалатинской областей к КазАССР.

**1922 г.**

- Вышли сборник стихов С. Сейфуллина “Асая тулпар” (“Неукротимый скакун”), драмы “Кызыл сункарлар” (“Красные соколы”), “Бакыт жолына” (“На пути к счастью”).

- 13 июня - С. Сейфуллин назначен редактором республиканской газеты “Енбекши казах” (“Социалистик Казахстан”) и заместителем народного комиссара просвещения республики.

- декабрь - III съездом КазАССР избран председателем Совета Народных Комиссаров республики.

- 23-30 декабря - Делегат X Съезда Советов РСФСР и Всесоюзного учредительного съезда Советов, провозгласившего создание Союза Советских Социалистических Республик, избран членом ЦИК.

**1923 г.**

- Начало публикации отрывков из историко-мемуарного романа “Тернистый путь” в журнале “Кызыл Казахстан” (“Красный Казахстан”).

- апрель - С. Сейфуллин делегат XII съезда РКП (б).

- 22 ноября - Президиумом КазЦИК на основе решения XII съезда РКП (б) принято постановление о ведении делопроизводства на казахском языке.

- 30 ноября - Стихотворение С. Сейфуллина “Ленин” - первое произведение в казахской советской литературе, посвященное В.И. Ленину.

**1924 г., январь** - С. Сейфуллин возглавляет казахстанскую делегацию на похоронах В.И. Ленина. Опубликована его статья в газете “Известия” “В.И. Ленин и пробуждающийся Восток”.

**1925 г.**

- 7 апреля - С. Сейфуллин назначен председателем академического центра при Казнаркомпросе.

- 12 июня - Назначен председателем организационного бюро по созданию Казахской ассоциации пролетарских писателей (КазАПП).

- ноябрь - Создание поэмы “Советстан”.

**1926 г.**

- май - С. Сейфуллин назначен заведующим Отделом истпарта Казкрайкома ВКП (б).

- декабрь - Женитьба на Гульбаҳрам Батырбековой.

**1927 г.**

- февраль - С. Сейфуллин назначен ректором Кзыл-Ординского института народного просвещения.

- октябрь-ноябрь - Выход альманаха “Жыл кусы” (“Первая ласточка”), составленного из произведений казахских пролетарских писателей под редакцией С. Сейфуллина.

- декабрь - Издание историко-мемуарного романа “Тернистый путь”.

**1928 г., май** - Ректор Ташкентского казахского педагогического института, руководитель литообъединения казахской молодежи.

**1929 г.**

- август - С. Сейфуллин - доцент кафедры казахской литературы Казахского педагогического института.

- 26 декабря - Пишет открытое письмо о сборе лучших образцов казахского устного творчества и литературы.

**1931 г.**

- Публикация отрывков из сатирического романа “Наш быт”.

- 16 марта - Закончил работу над первой частью истории казахской литературы. В 1932 году она издана как учебник для студентов вуза.

**1932 г., февраль** - С. Сейфуллин назначен главным редактором журнала “Әдебиет майданы” (“Литературный фронт”).

**1934 г.**

- 12 июня - Открытие I съезда писателей Казахстана. С. Сейфуллин произнес вступительное слово.

- 17 августа-1 сентября - Участие в работе I Всесоюзного съезда советских писателей.

- сентябрь - С. Сейфуллин - профессор Казахского коммунистического института журналистики.

**1935 г.** - Издание поэмы “Социалистан” и повести “Айша”.

**1936 г.**

- май - С. Сейфуллин участник Декады казахской литературы и искусства в Москве.

- 26 мая - С. Сейфуллин первый из казахских писателей награжден орденом Трудового Красного Знамени.

- 12 июля - Празднование 20-летия творческой деятельности С. Сейфуллина.

**1938 г.** - Смерть Сакена Сейфуллина.

# СЕЙФУЛЛИННИҢ ТВОРЧЕСТВОЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ӘДЕБИЕТТЕР

## ЛИТЕРАТУРА О ТВОРЧЕСКОЙ И ОБЩЕСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ С. СЕЙФУЛЛИНА

1920-1937

1. АБДОЛ. Сұнқар даусы: Сәкенге арналған өлең // Ленин туы. - 1936. - 14 июль.
2. АЗЕРБАЙЖАН Орталық комсомол комитетінің “Кәңжі Ішші” газетінің редакциясынан // Әдебиет майданы. - 1936. - № 6. - 7 б.
3. АЙМАНОВ Ш. “Қызыл сұнқарлардың” қатесі қайталанбасын // Қазақ әдебиеті. - 1936. - 24 декабрь.
4. АЙСАРИН Э. Әрі ақын, әрі үйімдастыруышы: (С. Сейфуллиннің творчествосы туралы) // Ленин туы. - 1936. - 11 июль.
5. АҚМОЛА аудандық партия комитеті мен Атқару комитетінен // Сонда. - 14 июль.
6. АЛДАН.: [Рец. кітапқа] Сейфуллин С. Қызыл сұнқарлар. Семей, 1926 // Қазақ әдебиеті. - 1936. - 18 декабрь.
7. АЛДОНҒАРОВ Е. Жазушылар мен көркем әдебиет туралы // Еңбекші қазақ. - 1926. - 12 декабрь.
8. АЛПЫСБАЕВ К. “Қызыл сұнқар” киноға айналдырылса еken // Ленин туы. - 1936. - 14 июль.
9. АЛТАЙ. Қазақ совет поэзиясының тойында // Лениншіл жас. - 1936. - 15 июль.
10. АМАНЖОЛОВ Қ. Ақын аға: Сәкенге арналған // Қазақ әдебиеті. - 1936. - 12 июль.
11. АМОСОВ, МУСИН, САПАРБЕКОВ. Қазақстанның орденді жазушысына: (Сәкен туралы) // Социалды Қазақстан. - 1936. - 1 июль.
12. АХМЕТОВ Е. Сәкеннен жақсы пьесалар күтеміз // Ленин туы. - 1936. - 14 июль.
13. АХМЕТОВ Ш. Сәкеннің әдеби қызметінің 20 жылдығына әзірлік: Сейфуллиннің “Бандыны қуған Хамит” деген әңгімесіне талдау жасалады // Социалды Қазақстан. - 1936. - 21 март.
14. ӘБДІҚАДЫРОВ Қ. Ағама: Сәкенге арналған өлең // Әдебиет майданы. - 1936. - № 6. - 36 б.; Турксеб. - 1936. - 11 июль.
15. ӘБДІХАЛЫҚОВ Қ. Көшірлер кружогінде: [Рец. кітапқа] Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. Алматы, 1960 // Қазақ әдебиеті. - 1936. - 12 июль.

16. ӘБІЛЕВ Д. Еркін елдің еркесі // Сонда. - 21 июль.
17. ӘБІЛЕВ Д. Сәкенге: Өлең // Әдебиет майданы. - 1936.
- № 6. - 56 б.
18. ӘБІЛОВ, ЕРЖАНОВ, БАЙМҰРАТОВ. Жақсы көріп оқытын жазушымыз: Сейфулиннің 20 жылдық әдеби творчествосы туралы // Социалистік Қазақстан. - 1936. - 12 июль.
19. ӘБІШЕВ Ә. Бұлбұлдың сырғы // Қазақ әдебиеті. - 1936.
- 21 июль.
20. ӘБІШЕВ Ә. Сайра бұлбұл: Сәкенге арналған өлең // Сонда. - 12 июль.
21. ӘБІШЕВ Ә. Сәкенді сүйіп оқымын // Екпінді. - 1936. - 12 июль.
22. ӘКЕМНІҢ досына: (Сәкен Сейфуллинге арналған өлеңдер) // Тұрганбаев Қ. Қадам. Өлеңдер жинағы. - Ташкент-Самарқанд, 1933. - 41-43 б.
23. ӘЛЖАНҰЛЫ Ш. Қазақстандағы ұлттық мәдениет проблемасы және ілімі-зерттеу педагогика институтының алдындағы кезектегі міндеттері // Политехникалық мектеп. - 1933.
- № 5-6. - 10-25 б.
24. ӘЛІБАЕВ И. Қазақ жазушылары: Альбом. - Алматы, 1934.
- 7-9 б.
25. ӘМІРОВ А. Сәкеннің 20 жылдығына арнап: Өлең // Қазақ әдебиеті. - 1936. - 12 июль.
26. ӘҮЕЗОВ М. Шынышыл, тәкаббар ақын // Социалистік Қазақстан. - 1936. - 12 июль; Қазақ әдебиеті. - 1936. - 12 июль; Турксіб. - 1936. - 11 июль.
27. БАЗАРХАН. Менің де шашқан шашуым: Сәкеннің 20 жылдығына арналған өлең // Әдебиет майданы. - 1936. - № 6. - 63-64 б.
28. БАЙҒАБЫЛОВ С. Сәкен ағай тойына: Өлең // Пионер. - 1936. - 14 июль.
29. БАЙДИЛЬДИН А. Көркем әдебиет туралы: Айтыс ретінде // Еңбекші қазақ. - 1925. - 24, 25, 27 август, 14 сентябрь.
30. БАЙДИЛЬДИН А. Қазақ әдебиеті қазір қандай дәуірде // Сонда. - 1926. - 9 ноябрь.
31. БАЙДИЛЬДИН А. Октябрьден бергі әдебиетіміз // Жыл құсы. - 1927. - № 2. - 10-26 б.
32. БАЙДИЛЬДИН А. Сын Маркс жолымен болсын: (Сәкен шығармаларын дұрыс бағалау жайында) // Жаңа әдебиет. - 1929. - № 1. - 56-59 б.
33. БАЛАПАН. Көркем сез шеберіне арналған мәжіліс: (С. Сейфуллиннің творчестволық еңбегіне 20 жыл толуына

байланысты Петропавл қаласындағы болған мәжіліс) // Ленин туы. - 1936. - 16 июль.

34. БАСҚАРМАДАН: Нәзір Төрекұловтың “Тар жол, тайғақ кешүге” жазған сынына қарсы // Еңбекші қазақ. - 1928. - 24 декабрь.

35. БАСЫМОВ Қ. Сәкеннің өміріне байланысты қalam енбектері: Сәкеннің творчествосы жөнінде // Социалистік Қазақстан. - 1936. - 12 июль.

36. БАТЫС Қазақстан облысы баспасөз қызметкерлері мен жазушыларынан // Әдебиет майданы. - 1936. - № 6. - 10 б.

37. БЕГАЛИН С. Батыр қalam: Өлең // Турксиб. - 1936. - 11 июль.

38. БЕКЕНОВ Е. Неге шабан өсеміз: Сәкен және тағы басқа жазушылардың шығармалары туралы: Ойласу ретінде // Социалды Қазақстан. - 1936. - 20 июнь.

39. БЕКЕНОВ Е. Шолпан өлеңдері: (Сәкеннің Шолпанға жасаған көмегі айтылады) // Қызыл Қазақстан. - 1927. - № 8-9. - 55-63 б.

40. БЕКЖАНОВ А. Сәкеннің 20 жылдық мерекесі өткізілді // Қазақ әдебиеті. - 1936. - 5 август.

41. БЕКМҰРАТОВ Қ. Жігерге жігер қосады // Турксиб. - 1936. - 11 июль.

42. БОЛЬШЕВИК жазушының өмірі // Социалды Қазақстан. - 1936. - 12 июль.

43. БІЗДІҢ тілек, біздің серт: Петропавлдағы 10 жылдық қазақ мектебінің пионерлерінен // Ленин туы. - 1936. - 11 июль.

44. БІЛІМ комиссиясының бір мүшесі. Қысынсыз жала: (Сәкен жолдасқа жауап) // Ақжол. - 1924. - 22 март.

45. ВЛКСМ Қазақстан Өлкелік комитетінен // Социалды Қазақстан. - 1936. - 12 июль; Лениншіл жас. - 1936. - 11 июль; Пионер. - 1936. - 14 июль.

46. ГАБИТОВА Ф. Қазақ халқының ақын ұлы: (Сейфуллин поэзиясы туралы) // Социалды Қазақстан. - 1936. - 2 июль.

47. ДӘРІҚҰЛОВ Е. Сәкенге: Өлең // Әдебиет майданы. - 1936. - № 9. - 32-34 б.

48. ДӘҮЛЕТБАЕВ М. Ақын досқа: Өлең // Қазақ әдебиеті. - 1936. - 12 июль.

49. ДӘҮЛЕТБАЕВ М. Қазақ әдебиетіндегі орынды және орынсыз сындар туралы // Еңбекші қазақ. - 1923. - 2 август.

50. ДӘҮЛЕТБАЕВ М. Сәкенге: Әзіл сөз ретінде // Жаршы. - 1930. - № 12. - 13 б.

51. ДӘҮЛЕТБАЕВ М. Сын орнынан - қисынсыз құн // Бостандық туы. - 1922. - 22 ноябрь.

52. ДІЛМҰҚАМБЕТОВА М. Бізге заманымыздың “Айшасы” керек // Турксиб. - 1936. - 11 июль.
53. “ЕКПІНДІ ҚҰРЫЛЫС” газеті редакциясынан // Қазақ әдебиеті. - 1936. - 12 июль.
54. ЕЛЕБАЕВ Р. Бұлбұл: (Сәкенге арнал шығарған ән) // Сонда. - 21 июль
55. ЕҢБЕКШІ жарлы қазақтарға: (Басмақалада Сәкеннің өлеңінен үзінді келтірілген) // Бостандық туы. - 1921. - 12 апрель.
56. ЕРКЕБАЕВ Х. Большевиктік қаламның 20 жылдығы: (Сәкен Сейфуллиннің творчествосы жайлы) // Екпінді. - 1936. - 12 июль.
57. ЕРКІМБЕКОВ Д. Той: (Сейфуллиннің юбилейіне арналған өлең) // Әдебиет майданы. - 1936. - № 6. - 60-61 б.
58. ЕРУБАЕВ С., ЖАМАНҚҰЛОВ Р. Ардақты Сәкен ағай: [Қол қойған: Екі окушы] // Социалды Қазақстан. - 1934. - 30 май.
59. ЕСМЕМБЕТОВ Ә. Сәкен және жас ақындар // Қазақ әдебиеті. - 1936. - 12 июль; Лениншіл жас. - 1936. - 11 июль.
60. ЕСМЕМБЕТОВ Ә. Ініңден: (Сәкеннің орден алғанына құттықтап шығарған өлең // Әдебиет майданы. - 1936. - № 4. - 55 б.
61. ЖАЗУШЫ Сәкен Сейфуллинге наград беру туралы Одақтық Орталық Атқару комитетінің қаулысы // Социалды Қазақстан. - 1936. - 27 май; Әдебиет майданы. - 1936. - № 6. - 1 б.; Қазақ әдебиеті. - 1936. - 2 июня.
62. ЖАЗУШЫ Сәкен Сейфуллиннің шығармашылық қызметіне 20 жыл толуын бағалау туралы Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің қаулысы // Қазақ әдебиеті. - 1936. - 10 июль.
63. ЖАЗУШЫНЫҢ жолы. С. Сейфуллиннің 20 жылдық тойына // Турксиб. - 1936. - 11 июль.
64. ЖАҚСЫ көріп оқытын жазушымыз // Социалды Қазақстан. - 1936. - 12 июль; Әдебиет майданы. - 1936. - № 6. - 4 б.
65. ЖАМАНҚҰЛОВ Р. Большевик ақынның 20 жылдығы // Социалды Қазақстан. - 1936. - 11 июль.
66. ЖАМАНҚҰЛОВ Р. “Қызыл сұңқарлар” туралы // Социалды Қазақстан. - 1936. - 26 декабрь; Қазақ әдебиеті. - 1936. - 26 декабрь; Әдебиет майданы. - 1936. - № 6. - 23-26 б.
67. ЖАМАНҚҰЛОВ Р. Сәкеннің революция жылдарындағы шығармалары: “Асая тұлпар” мен “Қызыл сұңқарлар” жайында // Әдебиет майданы. - 1936. - № 6. - 23-26 б.
68. ЖАНСҮГІРОВ И. Жікке жол жоқ: (Әдебиеттегі әртүрлі ағымдар туралы) // Еңбекші қазақ. - 1930. - 12 февраль.
69. ЖАНСҮГІРОВ И. Көркем әдебиет туралы партия қаулысын орындау және Қазақ кеңес әдебиетінің міндеттері: (Қазақстан

жазушылар Одағының I пленумында жасаған баяндамасы): [Сәкеннің творчествосына да тоқталған] // Әдебиет майданы. - 1933. - № 1. - 46-65 б.

70. ЖАНСУГИРОВ И. Өзара сын және “ұсак” жаңр туралы: (Жазушылар ұйымының пленумында сөйлеген сөзінен) // Қазақ әдебиеті. - 1937. - № 24.

71. ЖАНСУГИРОВ И. Тұлпарға: Сәкенге арналған өлең // Әдебиет майданы. - 1936. - № 6. - 34-36 б.; Социалды Қазақстан. - 1936. - 12 июль; Қазақ әдебиеті. - 1936. - 23 май, 12 июль;

72. ЖАНТУРИН. Сәкеннің шығармалары: (С. Сейфуллиннің жеке кітап болып басылған шығармаларының библиографиясы берілген) // Социалды Қазақстан. - 1936. - 12 июль.

73. ЖАНТИЛЕУОВ Ш. “Тас түлек” туралы: (Әуезов Мұхтардың пьесасы және Сәкен жайында да айтылған) // Сонда. - 3 февраль.

74. “ЖАС қалам”. Менің де шашқан шашуым: (Сәкеннің 20 жылдық мерекесіне арналған өлең) // Қазақ әдебиеті. - 1936. - 14 июль.

75. ЖАСТАРҒА үлкен қазына: [Рец. кітапқа] Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. Алматы, 1960 // Лениншіл жас. - 1936. - 20 ноябрь.

76. ЖИЕНҚҰЛОВ М. Үлгі: (Сәкенге арналған өлең) // Сонда. - 11 июль.

77. ЖУА. (Валитов Жұсіпбек). Сәкенге: (Өлең) // Екпінді. - 1936. - 12 июль.

78. ЖҰМАБАЕВ, СЫЗДЫҚОВ Ж. Сәкеннің шығармаларын сүйіп оқымыз // Ленин туы. - 1936. - 14 июль.

79. ЖҰМАЛИЕВ Қ. Сәкен және оның творчество: // Екпінді құрылыш. - 1936. - 20-23 б.

80. ЖҮРГЕНОВ Т. Қазақстанда мәдениет революциясы: Сәкен туралы деректер бар. - Алматы, 1935. - 44 б.

81. ЖҰСІПБЕКОВ Х. Әдебиет майданындағы мақсаттарымыз // Жаңа әдебиет. - 1929. - № 12. - 3-7 б.

82. ЖҰСІПБЕКОВ Х. Сәкен пролетариат ақыны // Қазақ әдебиеті. - 1936. - 12 июль.

83. ЖҰСІПБЕКОВ Х. Сәкеншілдік пен Сәкен туралы /Кызыл Қазақстан. - 1929. - № 6 (86). - 26-30 б.; Еңбекші қазақ. - 1929. - 3 август.

84. ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ірі жыршысы /Шантыбаев, Демеубаев, Оралбеков т.б. // Социалды Қазақстан. - 1936. - 12 июль.

85. ИБАТОВ Қ. Құттықтайды жастарың: Өлең // Турксіб. - 1936. - 11 июль.

